

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ("Инклузивті және тұрақты экономикалық өсу" атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 144-VIII ҚРЗ

2024 жылғы 11 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісім ("Инклузивті және тұрақты экономикалық өсу" атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма
ҚАРЫЗ НӨМІРІ 96420-KZ

ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - Қарыз алушы) мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (бұдан әрі - Банк) арасында Қарыз алушының бюджетін қолдау үшін Қарыз алушы сұратқан, Бағдарламаны қолдау үшін қаржыландыруды ұсыну мақсатында (осы Келісімге толықтырудағы анықтамаға сәйкес) жасасқан, қол қойылған күніндегі келісім. Банк осы қаржыландыруды ұсыну туралы шешімді, өзгелерден басқа: (i) Қарыз алушы Бағдарлама шеңберінде жасаған, осы Келісімге 1-қосымшаның I.A бөлімінде сипатталған іс-қимылдар; және (ii) Қарыз алушының тиісті макроэкономикалық саясатты жүргізуі негізінде қабылдады. Осы арқылы Қарыз алушы мен Банк мыналар туралы уағдаласты:

I БАП - ЖАЛПЫ ШАРТТАР; АНЫҚТАМАЛАР

1.01. Жалпы шарттар (осы Келісімге толықтырудағы анықтамаларға сәйкес) осы Келісімге қолданылады және оның бір бөлігі болып табылады.

1.02. Егер мәнмәтіннен өзгеше туында маса, осы Келісімде пайдаланылатын, бас әріптен басталатын терминдер оларға жалпы шарттарда немесе осы Келісімге толықтыруда жазылғып берілген мағынаға ие болады.

II БАП - ҚАРЫЗ

2.01. Банк Қарыз алушыға сексен төрт миллиард тоғыз жүз жиырма жеті миллион бір жүз мың жапон йені (¥ 84 927 100 000) мөлшеріндегі соманы (бұдан әрі - Қарыз) беруге келісті, көрсетілген соманы Валютаны конвертациялау арқылы кезең-кезеңімен конвертациялауға болады.

2.02. Қарыз бойынша біржолғы комиссия Қарыз сомасының төрттен бір пайызын (0,25%) құрайды.

2.03. Қарыз қаражатын резервке қою үшін комиссия жылына Қарыздың алынбаған қалдығының төрттен бір пайызын (0,25%) құрайды.

2.04. Пайыздық мөлшерлеме референттік мөлшерлемеге және ауыспалы спредке немесе конвертациялағаннан кейін қолданылуы мүмкін осындай мөлшерлемеге тең; жалпы шарттардың 3.02 (e) бөліміне сәйкес айқындалады.

2.05. Әр жылдың 15 наурызы және 15 қыркүйегі төлем күндері болып табылады.

2.06. Қарыздың негізгі сомасы осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес өтелетін болады.

2.07. Жалпы шарттардың 5.05 бөлімінің ережелерін шектеместен, Қарыз алушы II баптың ережелеріне қатысты осындай ақпаратты Банкке жедел беруге тиіс, оны Банк кезең-кезеңімен негіздел сұратуы мүмкін.

III БАП - БАҒДАРЛАМА

3.01. Қарыз алушы өзінің Бағдарламаны және оның орындалуын ұстанатының мәлімдейді. Осы мақсатта және жалпы шарттардың 5.05 бөлімі негізінде:

(a) Қарыз алушы мен Банк тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша Қарыз алушының макроэкономикалық саясаты туралы және Бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілген прогресс жөнінде кезең-кезеңімен пікір алmasып отыруға тиіс;

(b) әрбір осындай пікір алмасу алдында Қарыз алушы Банкке қарау және түсіндірмелер беру үшін Бағдарламаны орындау барысында қол жеткізілген прогресс туралы есепті Банк негіздел сұратат алатында егжей-тегжейлеп беруге тиіс; сондай-ақ

(c) осы бөлімнің (a) және (b) тармақтарын шектемей, Қарыз алушы Бағдарлама мақсатының айтарлықтай өзгеруіне алып келетін кез келген жағдайлар немесе осы Келісімге 1-қосымшаның I бөлімінде көрсетілген кез келген іс-қимылды қоса алғанда, Бағдарлама шенберінде қолданылатын кез келген іс-қимыл туралы Банкке жедел хабарлауға тиіс.

IV БАП - БАНКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

4.01. Іс-қимылды тоқтата түрудың қосымша жағдайы мынаны қамтиды: Бағдарламаны немесе оның елеулі бөлігін орындау екіталай болатын жағдайдың туындауы.

V БАП - КҮШІНЕ ЕНУІ; БҰЗУ

5.01. Күшіне енудің қосымша шарты мынадай болып табылады: Банк Қарыз алушы Бағдарламаны орындау барысында қол жеткізген прогрессе және Қарыз алушының макроэкономикалық саясатының дұрыстығына қанағаттанады.

5.02. Қол қойылған күннен кейін бір жұз сексен (180) күн өткен соң басталатын күн күшіне енудің соңғы мерзімі болып табылады.

VI БАП - ӨКІЛ; МЕКЕНЖАЙЛАР

6.01. Қарыз алушының өкілі Қаржы министрі болып табылады.

6.02. Жалпы шарттардың 10.01 бөлімінің мақсаты үшін:

(а) Қарыз алушының мекенжайы:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы

Астана, 010000

Мәңгілік Ел даңғылы, 8; және

(б) Қарыз алушының электрондық мекенжайы:

Факс:

7 (7172) 750201

6.03. Жалпы шарттардың 10.01 бөлімінің мақсаты үшін:

(а) Банктің мекенжайы:

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

Америка Құрама Штаттары

Вашингтон, Колумбия округі, 20433 1818 Н көшесі, N. W.; және

(б) Банктің электрондық мекенжайы:

Телекс: Факс:

248423(MCI) немесе 1-202-477-6391 64145(MCI)

Қол қойылған күні КЕЛІСІЛДІ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Уәкілетті өкіл

Аты және тегі: _____

Лауазымы: _____

Күні: _____

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ҮШІН

Уәкілетті өкіл

Аты және тегі: _____

Лауазымы: _____

Күні: _____

1-ҚОСЫМША

Бағдарламаның қолданылуы; Қарыз қарожатының қолжетімділігі

I бөлім. Бағдарлама шенберіндегі іс-қимылдар

А. Бағдарлама шенберінде қабылданған іс-қимылдар.

Бағдарлама шенберінде Қарыз алушы қабылдаған іс-қимылдар мынаны қамтиды:

I компонент. Экологиялық және тиімді энергетиканы дамыту

1. Жаңартылатын энергия қөздерінен электр энергиясын жеткізуді ұлғайту және жеке сектор тарапынан жаңа инвестицияларды ынталандыру мақсатында Қарыз алушы бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында жаңартылатын көздерден алынатын электр энергиясына тарифтерге қатысты инвесторлар үшін валюталық тәуекелдерді төмендету мүмкіндіктерін енгізу және жаңартылатын энергияға арналған аукциондық тарифтер үшін ең жоғары шекті бағаны ұлғайту арқылы жаңартылатын энергия көздері бойынша аукциондардың тартымдылығын арттырды, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 704 қаулысымен расталады.

2. Электр энергиясы секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін Қарыз алушы (i) энергия тұтынушылар арасында айқас субсидиялауды қысқарту мақсатында кейбір энергия жеткізушілер үшін электр энергиясына тарифтерге түзету жүргізді, бұл туралы ТМРК хатында расталады; және (ii) шығындарды толық өтеу қағидатына сәйкес келетін электр энергиясына тарифтерді белгілеудің жаңа ынталандыруышы әдіснамасы қабылданды, ол № 182 бұйрықпен расталады.

3. Жылумен жабдықтау секторы субъектілерінің қаржылық және операциялық тиімділігін жақсарту үшін Қарыз алушы шығындарды толық өтеу қағидатына сәйкес келетін жылу энергиясына тарифтерді белгілеудің жаңа ынталандыруышы әдіснамасы қабылдады, ол № 182 бұйрықпен расталады.

4. Энергия тиімділігін арттыру үшін Қарыз алушы энергияны көп қажет ететін 100 ірі өнеркәсіп орындары үшін (бірінші деңгей) және ғимараттар секторы үшін энергия тиімділігіне қойылатын талаптарды күшайтті, ол № 663 бұйрықпен және № 233/НҚ бұйрығымен расталады.

II компонент: Цифрлық және қаржылық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру және сатып алушың ашық практикасын ілгерілету

5. Кең жолақты байланыс нарығының өсуін ұлғайту және цифрандыруға деген сенімді арттыру мақсатында Қарыз алушы: (i) № 434/НҚ бұйрығының негізінде 5G радиожиілік спектрінің жолақтарын бөлу үшін конкурстық аукциондар енгізді; (ii) № 141-VII Заңының негізінде талшықты-оптикалық байланысты өрістету үшін электр энергетикасы нарығы операторларының инфрақұрылымды бірлесіп пайдалануын қарастырды; сондай-ақ (iii) дербес деректер иелерінің өздерінің дербес ақпаратын кері қайтарып алушы сұрату құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдады және № 141-VII Заңының негізінде деректерді автоматты түрде өндеу негізінде ғана дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін шешімдер қабылдауға тыйым салуды енгізді.

6. Негұрлым бәсекелі нарықтарды дамыту және мемлекеттің қаржы секторына қатысуын ұтымды ету мақсатында Қарыз алушы: (i) Проблемалық кредиттер қорына қатысты проблемалық кредиттерді нарықтық бағадан жоғары бағамен сатып алу арқылы банктерге көмек көрсетуге тыйым салуды енгізді, ол № 430 бүйрықпен расталады; (ii) Проблемалық кредиттер қорының проблемалық кредиттерді нарықтық баға бойынша ғана сатып алуын көздейтін ішкі ережелеріне өзгерістер енгізді, ол Директорлар кеңесінің № 9 шешімімен расталады.

7. Мемлекеттік сатып алушың ашықтығын күшайту үшін Қарыз алушы "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және үлестес субъектілер өткізетін сатып алу бойынша келісімшарттар берілетін компаниялардың бенефициарлық иеленуі туралы ақпаратты және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және үлестес субъектілер беретін бір көзден сатып алуға арналған келісімшарттарға қатысты ақпаратты жариялауды енгізді, ол "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның сатып алу рәсіміне түзетулермен расталады.

III компонент: Халықтың кедей тобын қорғау және өнірлік дамуды қолдау

8. Әлеуметтік қорғау жүйелерін қамтуды кеңейту, инклюзивтілігін және атаулы болуын арттыру мақсатында Қарыз алушы: (i) Әлеуметтік кодекс негізінде "Отбасының цифрлық картасы" атты әлеуметтік қорғаудың бірыңғай тізілімін енгізді; (ii) "Отбасының цифрлық картасы" арқылы отбасының әлеуметтік әл-ауқатын анықтау әдістемесін бекітті, ол № 267 бүйрықпен расталады.

9. Даму мәселелерін бірлесіп шешу және негұрлым кешенді қалалық кеңістіктік жоспарлауды қамтамасыз ету үшін агломерациялар аумағындағы жергілікті атқарушы органдарға үлкен дербестік беру мақсатында Қарыз алушы № 181-VII Заңының негізінде агломерациялар мен өнірлік даму мәселелерін ілгерілетуде үйлестіруді жақсартты.

II бөлім. Қарыз қаражатына қолжетімділік

A. Жалпы ережелер. Қарыз алушы осы бөлімнің ережелеріне және Қарыз алушыны хабарлау арқылы Банк көрсеткен қосымша нұсқаулықтарға сәйкес Қарыз қаражатын ала алады.

B. Қарыз қаражатын бөлу. Қарыз біржолғы транш түрінде бөлінеді, одан Қарыз алушы қарыз қаражатын ала алады. Осы мақсат үшін Қарыз сомасын бөлу мына кестеде көрсетілген:

Қаражатты бөлу	Бөлінген қарыз сомасы (жапон йенімен көрсетілген)
(1) Біржолғы транш	84 927 100 000
Жалпы сома	84 927 100 000

C. Траншты бөлу шарттары.

Біржолғы транш түріндегі қаражатты Банк: (a) Қарыз алушының іске асырып жатқан Бағдарламасына; (b) Қарыз алушының тиісінше макроэкономикалық саясатына қанағаттанбайынша, алу мүмкін болмайды.

D. Жабылу күні. Жабылу күні 2025 жылғы 31 желтоқсан болып табылады.

Міндеттемелерге байланысты өтеу кестесі

Төмендегі кестеде Қарыздың негізгі сомасын өтеу есебіне төленетін төлемдер күні және негізгі соманы өтеу есебіне төленетін төлемдердің әрбір күніне төленуге жататын Қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызы (төлем үлесі) көрсетілген.

Негізгі соманы тең үлестермен өтеу

Негізгі соманы өтеу шотына төлемдер күні	Төлем үлесі
2029 жылғы 15 наурыздан бастап 2034 жылғы 15 наурыз аралығында әрбір 15 наурызда және 15 қыркүйекте	8,33%
2034 жылғы 15 қыркүйек	8,37%

ТОЛЫҚТЫРУ

Анықтамалар

1. № 141-VII Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрандыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңын білдіреді.

2. № 181-VII Заңы "Агломерацияларды дамыту туралы" 2023 жылғы 1 қаңтардағы № 181-VII Қазақстан Республикасының Заңын білдіреді.

3. Үлестес субъектілер дауыс беретін акцияларының елу немесе одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға тиесілі немесе басқаруында болатын заңды тұлғаларды білдіреді.

4. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның сатып алу рәсіміне түзетулер "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 217 шешімін білдіреді.

5. Директорлар кеңесінің шешімі Проблемалық кредиттер қоры Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 9 шешімін білдіреді.

6. ТМРК хаты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 32-10-17/1352 хатын білдіреді.

7. Отбасының цифрлық картасы отбасылардың (немесе адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығы деңгейіне қарай қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін электрондық үкімет платформасындағы талдамалық шешімді білдіреді.

8. Жалпы шарттар 2018 жылғы 14 желтоқсандағы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қаржыландыруы, даму саясатын қаржыландыру үшін Халықаралық

Қайта Құру және Даму Банкінің жалпы шарттарын білдіреді (соңғы рет 2023 жылғы 15 шілдеде қайта қаралды).

9. Үкіметтің № 704 қаулысы "Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 704 қаулысын білдіреді.

10. № 233/НҚ бұйрығы "Сәulet, қала құрылышы және құрылым саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 233/НҚ бұйрығын білдіреді.

11. № 267 бұйрық "Отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 267 бұйрығын білдіреді.

12. № 430 бұйрық "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамының қызмет түрлерін жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ ол сатып алтын (сатып алған) активтер мен талап ету құқықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 279 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының - Қаржы министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 430 бұйрығын білдіреді.

13. № 434/НҚ бұйрығы "Қазақстан Республикасында 5G/IMT бесінші буынының ұялы байланысын енгізу мен дамытуға жиілік, радиожиілік (радиожиілік арналарын) белдеулерін бөлу бойынша конкурстарды (немесе аукциондарды) ұйымдастыру мен өткізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 15 қарашадағы № 434/НҚ бұйрығын білдіреді.

14. № 663 бұйрық "Жылына елу мың және одан да көп тонна шартты отынға барабар көлемде энергетикалық ресурстарды тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері үшін энергия тиімділігі бойынша нысаналы индикаторларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы 2022 жылғы 29 қарашадағы № 663 бұйрығын білдіреді.

15. № 182 бұйрық "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 182 бұйрығын білдіреді.

16. Проблемалық кредиттер қоры жұмыс істемейтін кредиттерді сатып алу арқылы банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2011 жылғы 30 мамырдағы № 53 қаулысына сәйкес құрылған "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамын немесе Банк үшін қолайлы оның құқықтық мирасқорын білдіреді.

17. Бағдарлама Қарыз алушы Банкке Бағдарламаны орындау бойынша өз міндеттемелері туралы мәлімдейтін және Банктен оның орындалуын қолдау үшін жәрдем көрсетуді сұрайтын Қарыз алушының Банкке 2023 жылғы 19 желтоқсандағы хатында айқындалған немесе оларға сілтеме жасалатын мақсаттар, саяси шаралар мен іс-қимылдар бағдарламасын білдіреді және ол қабылданған, оның ішінде осы Келісімге 1-қосымшаның I бөлімінде көрсетілген іс-қимылдарды және Бағдарламаның мақсаттарына сәйкес қабылдануы қажет іс-қимылдарды қамтиды.

18. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына сәйкес құрылған "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын немесе Банк үшін қолайлы оның құқықтық мирасқорын білдіреді.

19. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде "Самұрық-Қазына" АҚ-на меншік құқығымен тиесілі немесе сенімгерлік басқаруындағы занды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы "Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 шешімін білдіреді.

20. Қол қойылған күн Қарыз алушы мен Банк осы Келісімге қол қойған екі күннің неғұрлым кешірек күнін білдіреді және мұндай анықтама жалпы шарттарда Қарыз туралы келісімнің айтылған барлық күндеріне қолданылады.

21. Біржолғы транш осы Келісімге 1-қосымшаның II бөлімінің В бөлігінде келтірілген кестеде "Біржолғы транш" санаты бойынша бөлінген Қарыз сомасын білдіреді.

22. Әлеуметтік кодекс 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін білдіреді.

Осымен 2024 жылғы 11 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімнің ("Инклузивті және тұрақты экономикалық өсу" атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) осы аудармасы ағылшын тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

Вице-министр

Д. Қенбейл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК